

## Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1340

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335\_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының өзін-өзі қаржыландыруын және мүлкінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. М ы н а л а р :

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының орталық ауруханасы" мекемесі "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының Орталық клиникалық ауруханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының Ақмола қаласындағы N 2 ауруханасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының N 2 ауруханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Алматы" санаторийі" мекемесі "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Алматы" клиникалық санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Оқжетпес" санаторийі мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Оқжетпес" клиникалық санаторийі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының шаруашылық есептегі Базалық дәріханасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының Базалық дәріханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары қызметінің негізгі нысанасы - денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыру деп белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы - дәрі-дәрмектер, дәрілік заттар мен емдеу препараттарын, медициналық жабдықтар мен аспаптар дайындау деп белгіленсін .

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының, оны құрылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган деп айқындау туралы ұсынысына келісім берілсін.

5. Заңдарда белгіленген тәртіппен уәкілетті органға:

1) құрылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғысын әзірлеу және бекіту және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз ету;

2) құрылып жатқан республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық к а п и т а л ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау ұсынылсын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*